

«Қазақстанның депозиттеріне кепілдік беру қоры»
Акционерлік Қоғамы

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы
қаржылық есептілік

және
Тәуелсіз аудитор есебі

Мазмұны

Тәуелсіз аудитор есебі

Қаржылық есептілік

Қаржы жағдайы туралы есеп	1
Жиынтық туралы есеп.....	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	4
1. Жалпы ақпарат.....	5
2. Қаржылық есептілікті дайындау негіздері.....	6
3. Есеп саясатының елеулі аспектілері	13
4. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	19
5. Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер	19
6. Басқа қаржылық активтер	21
7. Басқа активтер.....	21
8. Табыс салығы бойынша шығыстар	21
9. Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтер	21
10. Жарғылық капитал	22
11. Капиталдағы резервтер	22
12. Басқа қаржылық міндеттемелер	23
13. Басқа міндеттемелер.....	23
14. Таза пайыздық кірістер	23
15. Банкердің қатысушылардың жарналарынан және тарату комиссиясының түсімінен болған таза кірістер.....	23
16. Жалпы және әкімгершілік шығыстар	23
17. Ықтимал және шартты міндеттемелер	24
18. Байланысты тараптармен жасалған мәмілелер.....	24
19. Қаржы құралдарының әділ құны.....	25
20. Тәуекелді басқару саясаты.....	26
21. Капиталды басқару	29
22. Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар	30
23. Қаржылық есептілікті бекіту	30



«ТАК «Центраудит-Казахстан» ЖШС
Директоры

(аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік
лицензиясы МФО № 0000017,
1999 жылдың 27 желтоқсанында берілген)

В.В. Радостовец

2013 жылғы 20 ақпан

«Қазақстанның депозиттеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның акционеріне

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

Біз ұсынылған «Қазақстанның депозиттеріне кепілдік беру қоры» Акционерлік Қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша «Қоғам») ¹, қаржылық есептілігі аудитін жүргіздік, оның құрамына 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп, аталған күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есептік саясаты негізгі қағидаларының қысқаша мазмұны және басқа да түсініктемелік ескертпелер кіреді.

Қаржылық есептілік бойынша Қоғам басшылығының жауапкершілігі

Қоғам басшылығы осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленуіне және шынайы ұсынылуына, сонымен қатар Қоғам басшылығы алаяқтық немесе кате жіберу нәтижесінде маңызды бұрмалауды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз ету үшін жауапты.

Аудитордың жауапкершілігі

Біз аудитімізге негізделген бұл қаржылық есептілік туралы айтылған пікірімізге жауаптымыз. Біз аудитті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес өткіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, сондай-ақ аудитті қаржылық есептілікте маңызды бұрмалаулардың жоқ екендігіне жеткілікті түрде сенімді болатындай жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит ұсынылған қаржы есептілігіндегі сомалар мен ақпараттарға қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдердің орындалуынан тұрады. Рәсімдерді таңдау аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Осы тәуекелді бағалау кезінде аудиторлар, кәсіпорынның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында Қоғамның қаржылық есептілігін дайындауға және оны шынайы түрде беруге қатысты ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруды қарастырады. Аудит сонымен қатар, таңдалған есептік саясаттың орындылығын және Қоғам басшылығы жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және қаржы есептілігінің жалпы ұсынылуын бағалаудан тұрады.

Біз, біздің тарапымыздан алынған аудиторлық дәлелдемелер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылады деп санаймыз.

Пікір

Біздің пікіріміз бойынша, Қоғамның қаржылық есептілігі 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайының бүкіл маңызды жақтарын, аталған күнге аяқталған жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері мен қаржы қозғалысының Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкестігін шынайы көрсетеді.

«Центраудит-Қазақстан» ТАК ЖШС Аудиторы
(аудитордың біліктілік куәлігінің №0000320, 02.05.1997 ж. берілген)

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғ., 19, «Нұрлы-Тау» бизнес-орталығы
1 Б корпусы, 301-302 офис



И.Б. Пяткова

Пяткова И.Б.

¹ «Қазақстанның депозиттеріне кепілдік беру қоры» Акционерлік Қоғамы - бұдан әрі мәтін бойынша «Қоғам», «Қор», «ҚДҚК»

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕҢГЕ)


2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

	Ескертпе [1]	2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты мен баламасы	4	3,556,426	9,477,107
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтері	5	275,507,611	231,633,677
Корпоративті табыс салығы бойынша алдын ала төлем		-	775,234
Басқа қаржылық активтер	6	3,172,324	1,981,518
Басқа активтер	7	9,074	16,347
Кейінге қалдырылған салық активі	8	2,794	5,987
Негізгі құрал-жабдықтар	9	9,942	4,868
Материалдық емес активтер	9	10,100	2,103
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		282,268,271	243,896,841
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	10	146,410,000	133,100,000
Бөлінбеген пайда		9,678,603	8,337,541
Қайта бағалау бойынша резерв	11	(2,057,710)	6,759,410
Резервтік капитал	11	1,331,000	1,210,000
Арнайы орналастыру резерві	11	126,878,024	94,458,425
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		282,239,917	243,865,376
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Корпоративті табыс салығы бойынша міндеттемелер		3,221	-
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар мен төлемдер бойынша міндеттемелер		1,699	-
Басқа қаржы міндеттемелері	12	2,419	1,611
Басқа міндеттемелер	13	21,015	29,854
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		28,354	31,465
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		282,268,271	243,896,841

^[1] 5-36-б. ескертулер қаржылық есептіліктің бөлінбес бір бөлігі болып табылады.

Төрайым

Бас есепші






Маженова Б.М.

Пичитаева А.А.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕҢГЕ)

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы
ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

	Ескертпе [1]	2012 жыл	2011 жыл
Пайыздық кірістер		9,303,663	8,370,462
Пайыздық шығындар		(19,932)	(55,700)
Таза пайыздық кірістер	14	9,283,731	8,314,762
Банктердің-қатысушылардың жарналарынан және тарату комиссиясының түсімінен болған таза кіріс	15	24,203,058	20,949,105
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығындар шегерілген кірістер		790,885	280,435
Басқа операциялық кірістер		813	4,194
Жалпы және әкімшілік шығындар	16	(278,138)	(230,665)
Салық салуға дейінгі пайда (шығын)		34,000,349	29,317,831
Табыс салығы бойынша шығындар	8	(118,688)	(31,185)
Бір жылғы пайда (шығын)		33,881,661	29,286,646
Банктердің-қатысушылардың жарналарынан және тарату комиссиясының түсімінен болған таза кірісті арнайы орналастыру резервіне міндетті бөлу	11	(24,203,058)	(20,949,105)
Міндетті бөруден кейінгі пайда		9,678,603	8,337,541
Басқа жиынтық кіріс			
Сатуға арналған қаржылық активтерді қайта бағалаудан болған пайда (шығын)	5	(8,817,120)	259,347
Басқа жиынтық кіріс (шығыс) жиыны		(8,817,120)	259,347
Акционерге тиесілі корпоративті табыс салығын шегергенде, бір жылғы жиынтықты кіріс (шығын)		861,483	8,596,888

[1] 5-36-б. ескертулер қаржылық есептіліктің бөлінбес бір бөлігі болып табылады.

Төрайым

Бас есепші

Мажедова Б.М.

Пичитаева А.А.



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕҢГЕ)

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
(тікелей әдіс)

	2012	2011
I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының қозғалысы		
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсімі, барлығы	31,598,117	28,578,646
Міндетті күнтізбелік жарналар түсімі	21,097,827	20,346,703
Тарату комиссиясының түсімі	1,915,000	638,000
Банктерде орналастырылған салымдар бойынша сыйақының түсімі	6,229	12,933
Сатуға арналған қолдабар қаржылық активтері бойынша алынған сыйақы	7,911,128	7,576,638
«Кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы алу	1,473	-
Корпоративтік табыс салығын өтеу	664,556	-
Басқа түсімдер	1,904	4,372
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының шығарылуы, барлығы	(275,812)	(385,247)
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төленген төлемдер	(111,505)	(89,859)
Іс-сапар шығындары бойынша төлемдер	(7,011)	(5,495)
Жұмыскерлерге сыйақы төлеу	(115,166)	(91,759)
Төленген корпоративтік табыс салығы	(60)	(161,364)
Басқа салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	(40,856)	(34,434)
Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы төлеу	(1,214)	(2,336)
Басқа шығарылымдар	-	-
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза түсімі (шығарылуы)	31,322,305	28,193,399
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының қозғалысы		
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсімі, барлығы	117,730,967	145,276,724
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді сатудан түскен түсім	116,531,967	145,276,724
«Кері РЕПО» операцияларының түсімі	1,199,000	-
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының шығарылуы, барлығы	(168,322,967)	(193,271,916)
Негізгі құрал-жабдықтарды иелену	(6,478)	(2,481)
Материалдық емес активтерді иелену	(10,285)	-
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерін иелену	(167,107,204)	(193,269,435)
«Кері РЕПО» операциялары бойынша шығару	(1,199,000)	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза түсімі (шығарылуы)	(50,592,000)	(47,995,192)
III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының қозғалысы		
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсімі, барлығы	13,310,000	12,100,000
Жай акциялар эмиссиясы	13,310,000	12,100,000
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза түсімі (шығарылуы)	13,310,000	12,100,000
Ақша ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза өзгерісі	(5,959,695)	(7,701,793)
Шетел валютасындағы ақша қаражаттары және олардың баламаларының сальдосына айырбастау бағамының өзгеруінің тигізген ықпалы	39,014	86,658
Есеп беру кезеңінің басында ақша қаражаттары және олардың баламалары	9,477,107	17,092,242
Есеп беру кезеңінің соңында ақша қаражаттары және олардың баламалары	3,556,426	9,477,107

[1] 5-36-б. ескертулер қаржылық есептіліктің бөлінбес бір бөлігі болып табылады.

Басшылық атынан шығарылуға 2013 жылғы 20 ақпанда қол қойылған.

Төрайым

Бас есепші

Маженова Б.М.

Пичитаева А.А.



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕҢГЕ)

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП


	Жарғылық капитал	Қайта бағалау бойынша резерв	Резервтік капитал	Арнайы орналастыру резерві	Бөлінбеген пайда (шығын)	Жалпы капитал
2011 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	133,100,000	6,759,410	1,210,000	94,458,425	8,337,541	243,865,376
Кезеңдегі пайда					9,678,603	9,678,603
Кезеңдегі басқа жиынтық кіріс (шығын)		(8,817,120)				(8,817,120)
Кезеңдегі жиынтық кіріс (шығын)	-	(8,817,120)	-	-	9,678,603	861,483
Акциялар эмиссиясы	13,310,000	-	-	-	-	13,310,000
Резервтік капиталды құру	-	-	121,000	-	(121,000)	-
Арнайы өтеу резервін құру	-	-	-	8,216,541	(8,216,541)	-
Қатысушы-банктердің жарналары мен тарату комиссиясының түсімдерінен пайда болған таза кірісті арнайы өтеу резервіне міндетті бөлу	-	-	-	24,203,058	-	24,203,058
2012 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	146,410,000	(2,057,710)	1,331,000	126,878,024	9,678,603	282,239,917
2010 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	121,000,000	6,500,063	1,100,000	65,611,693	8,007,627	202,219,383
Кезеңдегі пайда					8,337,541	8,337,541
Кезеңдегі басқа жиынтық кіріс (шығын)		259,347				259,347
Кезеңдегі жиынтық кіріс (шығын)	-	259,347	-	-	8,337,541	8,596,888
Акциялар эмиссиясы	12,100,000	-	-	-	-	12,100,000
Резервтік капиталды құру	-	-	110,000	-	(110,000)	-
Арнайы өтеу резервін құру	-	-	-	7,897,627	(7,897,627)	-
Қатысушы-банктердің жарналары мен тарату комиссиясының түсімдерінен пайда болған таза кірісті арнайы өтеу резервіне міндетті бөлу	-	-	-	20,949,105	-	20,949,105
2011 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	133,100,000	6,759,410	1,210,000	94,458,425	8,337,541	243,865,376

⁽¹⁾ 5-36-б. ескертулер қаржылық есептіліктің бөлінбес бір бөлігі болып табылады.

Басшылық атынан шығарылуға 2013 жылғы 20 ақпанда қол қойылған.

Төрайым

Бас есепші




Маженова Б.М.

Пичитаева А.А.



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

1. Жалпы ақпарат

«Қазақстанның депозиттеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы (бұдан былай – «Қазақстанның депозиттеріне кепілдік беру қоры» АҚ, «Қоғам», ҚДКҚ) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан былай – «ҚРҰБ») Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 393 қаулысының негізінде құрылған.

Занды мекенжайы мен нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Көктем-32 ықшам ауданы, 21-үй.

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік № 30190-1910-АҚ, 2010 жылғы 24 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Әділет департаментімен берілген, Қоғамның алғаш тіркелген күні: 1999 жылғы 20 желтоқсан, БСН 991240000414.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі комитеті мемлекеттік жіктеуіш бойынша Қоғамға ОКПО 39097277 кодын берген. ОКПО коды берілген күн: 1999 жылғы 22 желтоқсан.

Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлік сериясы 60 № 115737, 1999 жылғы 23 желтоқсанда Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша Салық органымен берілген, 1999 жылғы 23 желтоқсаннан бастап оған СТН 600400112748 беріліп, салық төлеуші ретінде Қоғамның мемлекеттік тіркелуін растайды.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның дауыс беруші акцияларының 100% Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне тиесілі.

Қоғамның Жарғылық капиталы – 146,410,000,000 (жүз қырық алты миллиард төрт жүз он миллион) теңге.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитетінің (бұдан былай – «ҚҚА») 2012 жылғы 29 қазандағы жағдай бойынша берілген бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес «Қазақстанның депозиттеріне кепілдік беру қоры» АҚ акциялар шығарылымы 732,050 (жеті жүз отыз екі мың елу) жай акцияға бөлінген, оған ҰСН KZ1C42180014 берілген. Кезекті шығарылым 2012 жылғы 29 қазанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен тіркеліп, А4218 нөмірімен мемлекеттік бағалы қағаздар тізіліміне енгізілген.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның жай акцияларының барлық саны тіркелген, орналастырылған және толық төленген.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2008 жылғы 21 мамырдағы №166НБ шартқа сәйкес Қоғамның қаржылық активтерін жауапты сақтау және сенімді басқару бойынша қызметтер атқарады.

2011 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 12 қарашаға дейін Қоғамның тіркеушісі ретінде 2005 жылғы 15 шілдедегі ҚР ҚҚА-мен берілген №0406200386 бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі қызметтерді атқаруға берілген лицензиясы бар «Қор орталығы» АҚ болып табылады.

«Қор орталығы» АҚ Қоғамға 2000 жылғы 09 шілдедегі № 194-12 шарттың негізінде бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі қызметтерді ұсынады.

"Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ Қоғамға 2012 жылғы 05 желтоқсанда № 00456-АО/79-12 шарт негізінде бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі қызметтерді ұсынады.

Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы», «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін, Қоғам Жарғысын, Акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

Міндеттері мен Қызметтері

«Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктерде орналастырылған депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі заңына сәйкес ҚДКҚ негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу;

2) Банк-қатысушы еркінен тыс таратылған жағдайда кепілдендірілген депозиттердің салымшыларының құқықтары мен занды мүдделерін қорғау.

ҚДКҚ осы міндеттерді атқара отырып, елдің банктік жүйеге деген сенімінің артуына және халықтың депозиттік негізінің өсуіне көмектеседі.

ҚДКҚ негізгі қызметтері:

еркінен тыс таратылған банктің – депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесінің қатысушысының депозиторларына-жеке тұлғаларға кепілдікті өтем төлемі;

кепілдікті өтемді төлеу үшін арналған арнайы резервті қалыптастыру;

инвестициялық кіріс алу мақсатында түрлі қаржы құралдарына меншікті активтерді инвестициялау;

банктердің-депозиттерді кепілдендіру жүйесі қатысушыларының орындауы үшін міндетті Қосылу шартының және басқа да нормативтік актілердің талаптарын анықтау;

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

банктің-депозиттерді кепілдендіру жүйесі қатысушысының консервациясы кезеңіне, сондай-ақ банктің-қатысушының Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитетінің барлық банктік операциялар жүргізуге берген лицензиясынан айрылу кезеңіне тағайындалатын уақытша әкімшілік құрамына қатысу;

тарату комиссиясының және еркінен тыс таратылатын банктің-қатысушының несие берушілер комитетінің құрамына қатысу, т.б.

Бағалы қағаздардағы инвестициялық қызмет Қоғам қызметімен тікелей байланысты.

Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

1. Қаржылық есептілікті дайындау негіздері

Қаржылық есептілікті дайындау негіздері

Қоғамның қаржылық есептілігі Халықаралық Қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (ХКЕС жөніндегі кеңес) жариялаған редакцияда Халықаралық Қаржылық есептіліктің стандарттарының талаптарына сәйкес әділ құны бойынша есепке алынған қаржы құралдарын қоспағанда, тарихи (бастапқы) құны бойынша бағалау қағидаттарына сәйкес дайындалған.

Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстанның ұлттық валютасы – қазақстандық теңге (бұдан әрі «теңге»). Теңге Қоғамның функционалдық валютасы болып табылады, себебі Қоғамда болып жатқан оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық маңыздылығын көрсетеді. Сонымен бірге, теңге осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады. Егер басқасы белгіленген болмаса, қаржылық ақпараттың барлығы мың теңгеліктерге дейін дөңгелектенген.

Үздіксіз қызмет ұстанымы

Ұсынылған қаржылық есептілігі Қоғамның қызмет етуі мен таяу болашақта қызмет етуін ескере отырып дайындалған. Сонымен, келесі жорамалдар берілген:

- Қоғамның таратылу мақсаты немесе өз қызметінің көлемін елеулі қысқарту ниеті жоқ және қажет етпейді;
- таяу болашақтағы кәдімгі шаруашылық қызмет барысында активтердің сатылуы мен міндеттемелердің өтелуі.

Ұсынылған қаржылық есептілікте Қоғам үздіксіз ұстанымының негізінде өз қызметін жалғастыра алмаған жағдайда қажет болатын түзетулер жоқ.

Есептеу қағидасы

Ұсынылған қаржылық есептілік, ақшалай қаражаттары туралы ақпаратты қоспағанда, есептеу қағидасына сәйкес дайындалған. Есептеу қағидасы төлем уақытына қарамастан, жасалу фактісі бойынша мәмілелер мен басқа оқиғалардың нәтижелерін мойындау арқылы қамтамасыз етіледі.

Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар пайда болған қатысты кезеңдердің қаржылық есептілігіне енгізіледі.

Қаржылық есептілік элементтерінің табылуы

Ұсынылған қаржылық есептілікке қаржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, кірістер мен шығыстар кіргізілген.

Қаржылық есептіліктің барлық элементтері тізбекті бап түрінде көрсетілген. Қаржылық есептіліктің бірнеше элементтері бір бапқа сол элементтердің Қоғам қызметіндегі сипаттамасының (функцияларының) ескерілуімен біріктірілген. Ұқсас баптардың әрбір маңызды тобы қаржылық есептілікте бөлек көрсетіледі. Егер маңызды болып табылмаса, ұқсас емес баптар немесе арнауы басқа баптар бөлек көрсетіледі.

Маңызды бағалар және есеп саясатын қолданудағы кәсіби пайымдаулар

Қаржылық есептілікті әзірлеу Қоғам басшылығынан есептілікте келтірілген Қоғамның активтер мен міндеттемелер сомасына әсер ететін бағалар мен пайымдаулар жасауды, қаржылық есептілік дайындалған күнгі міндеттемелер және есептілікте аталған есеп кезеңі ішіндегі пайда мен шығындардың сомалары туралы ақпаратты ашуды талап етеді.

Анағұрлым маңызды бағалаулар негізгі қаржы құралдарының әділ құнын анықтауға қатысты. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгешеленуі мүмкін.

Осы жорамалдар мен бағалауларға қатысты белгісіздік, көрсетілген жорамалдар мен бағалауларға қатысты қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуіне әкелуі мүмкін.

Бағалар мен оларға негізделген пайымдаулар Қоғам басшылығымен үнемі тексеріледі.

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)**

Есеп бағалауындағы өзгерістер, егер өзгеріс тек қана сол кезеңге әсерін тигізсе, немесе өзгерістер туындаған және болашақ кезеңдерде, ағымдағы және болашақ кезеңдерге әсерін тигізсе, өзгерістер қарастырылған кезеңде танылады.

Төменде болашақ оқиғалар бойынша негізгі жорамалдар, сонымен бірге келесі есеп беру жылы аралығында актив пен міндеттемелердің баланстық құнына едәуір түзетулердің енгізу қажетін туғызатын елеулі тәуекелге душар есеп беру күніне бағалау белгісіздігінің басқа негіздері көрсетілген.

Салық салу

Салық тәуекелін бағалау кезінде басшылық, салық органдары қосымша салық салған жағдайда Қоғам сот дауында шеше алмайтын немесе сәтті түрде дауласа алмайтын салық заңнамасын бұзудың белгілі аймақтарын ықтимал міндеттемелер ретінде қарастырады. Осындай анықтау маңызды талқылауды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативті құқықтық актілердің өзгеру салдарынан өзгеруі мүмкін, сондай ақ салық тексерушіліктерінің сәйкестікті анықтау мақсатында жасайтын қорытындылары мен өз шешімдерінің нәтижелерінің болжалды анықтауын талап етеді.

Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржы жағдайы туралы есепте танылған қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны белсенді нарық деректерінің негізінде анықталмайтын болса, онда әділ құн бағалау тәсілдерін, сонымен қатар ақша ағынын дисконттау тәсілін қолдану арқылы анықталады. Осы тәсілдердің шығыс деректері ретінде бақылауға алынған нарық деректері қолданылады, бірақ бұл нақты түрде жүзеге аспайтын жағдайда, әділ құнды анықтау мақсатында талқылауды талап етеді. Талқылау өтімділік тәуекелі, несе тәуекелі және тербетімділік сияқты деректемелерді қамтиды. Осы фактілерге қатысты жорамалдар қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсерін тигізуі мүмкін.

2. Есеп саясатының елеулі аспектілері

Жаңа стандарттар, түсіндірулер мен түзетулерді қабылдауға байланысты Қоғамның есеп саясатындағы өзгерістер

Қоғамның 2012 жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау барысында қабылдаған есеп саясаты, 2012 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген төменде келтірілген жаңа стандарттар мен IFRIC түсіндірулерін қабылдауды қоспағанда, 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді.

- 12 ХБЕС – қа түзету «Пайдаға салынатын салықтар» - кейінге қалдырылған салық: кейінге қалдырылған салық негізіндегі активтерді өтеу

Бұл түзету 2012 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді. Ретроспективті түрде қолданылады.

Түзету 40 ХҚЕС-на сәйкес әділ құны бойынша қайта бағаланатын инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандарына салынатын кейінге қалдырылған салық осы инвестициялық жылжымайтын мүліктің баланстық құны бойынша сатылуы арқылы өтеу туралы жорамалдың негізінде танылуы тиіс жоққа шығаруға болатын жорамалға келтіреді. Егер уақыт өтісімен сатылуы емес, қолданылуы арқылы инвестициялық жылжымайтын мүліктен барлық экономикалық пайданы жұмсауға бағытталған инвестициялық жылжымайтын мүлік амортизацияланатын және бизнес-модель шегінде ұсталынатын болса, жорамал жоққа шығарылады.

Сонымен қатар түзету 16ХҚЕС-на сәйкес қайта бағалау тәсілі бойынша бағаланатын амортизацияланбайтын активтерге салынатын кейінге қалдырылған салық арқашан сату арқылы баланстық құнын өтеу туралы жорамал негізінде бағалануы тиіс талабын енгізеді. Осы түзетуді қабылдау нәтижесінде «Пайдаға салынатын салық – құны аса бағаланған амортизацияланбайтын активтерді өтеу» SIC-21 Интерпретациясы қайта қарастырылды.

Қоғамның әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық жылжымайтын мүлік пен 16 ХҚЕС-на сәйкес қайта бағалау тәсілі бойынша бағаланатын активтерді иеленбейді. Осыған орай, түзетудің қабылдануы Қоғамның қаржылық есебіне ықпалын тигізбеді.

1 ХҚЕС «Қаржы есебінің халықаралық стандарттарын алғашқы рет қолдану» - Маңызды гиперинфляция мен ХҚЕС-н алғаш рет қолданатын ұйым үшін мен бекітілген күнді жоққа шығару.

Түзету 2011 жылдың 1 шілдесінде немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін қолданылады.

Түзету ұйым функционалды валютасының маңызды гиперинфляцияға ұшырауы тоқтатылысымен ХҚЕС-на сәйкес қаржылық есептілігін ұсынуын жанартуға немесе ХҚЕС-на сәйкес қаржылық есептілігін алғаш рет ұсынуға байланысты нұсқауларды қамтиды.

Егер ұйым функционалды валютасының гиперинфляцияға (функционалды валютаның қалпына келу

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

күні) ұшырауы тоқтатылған күні немесе осы күннен кейін ХҚЕС-на ауысатын болса, бұл жағдайда ұйым функционалды валютаның қалпына келу күніне дейін ұстаған және маңызды гиперинфляцияға ұшыраған барлық активтері мен міндеттемелерін ХҚЕС-на ауысу күніне әділ құны бойынша бағалауға құқылы. Көрсетілген әділ құн осындай активтер мен міндеттемелердің шартты бастапқы құны ретінде ХҚЕС-на сәйкес қаржы жағдайы туралы бірінші есептілігінде қолданылуы мүмкін.

Сонымен бірге стандартқа бірінші күнге кіріс пен шығыстардың пайда болуына әкеліп соқтыратын мәмілелерді тануды тоқтатуға байланысты 1 ХҚЕС-да бекітілген даталарды қолдану талаптарын жоққа шығаратын түзету енгізілді.

Түзету Қоғамның есеп саясаты мен қаржылық есептілігіне ешқандай әсерін тигізбеді, себебі Қоғам ХҚЕС-на осы түзетудің басылып шығарылуына дейін ауысты.

- 7 ХҚЕС «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» - Қаржылық активтерді беру

Бұл түзету 2011 жылдың 1 шілдесінде немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін қолданылады.

Түзету қаржылық активтерді беру мәмілесіне байланысты қосымша санды және сипаттамалы ақпараттың ашылуын келесі жағдайларда талап етеді:

- қаржылық активтердің танылуы толығымен тоқтатылған, бірақ ұйым өзінің қатысу құқығын сақтап қалады (мысалы, беріп жіберілген активтерге опциондар немесе кепілдіктер);

- қаржылық активтердің танылуы толық көлемде тоқталмайды (қаржылық активтер есеп кезеңінде бір қалыпты берілген жағдайда).

Егер берілген активтердің танылуы толығымен тоқтатылмаса, ұйым қаржылық есептіліктің пайдаланушыларына танылуы тоқтатылмаған мұндай активтер мен сәйкес міндеттемелер арасындағы өзара байланысты түсінуге мүмкіндік беретін ақпаратты ашуға тиіс. Егер мұндай активтердің танылуы толығымен тоқтатылса, бірақ ұйым қатысуын жалғастырса, бұл жағдайда, қаржылық есептіліктің пайдаланушыларына ұйымның танылуы тоқтатылған активтерде қатысуына байланысты тәуекел мен сипаттаманы бағалауына мүмкіндік беретін ақпаратты ашу керек.

Салыстырмалы ақпараттың ашылуы түзетудің күшіне ену датасына дейін басталатын кезендер үшін қажет емес.

Түзету осы қаржылық есептіліктегі бұрын жасалған мәмілелер туралы ақпараттың ашылуына әсерін тигізбеді.

2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдық есеп кезеңдері үшін шығарылған, бірақ күшіне еңбеген жаңа ХҚЕС, оларға түзетулер және түсіндірулер:

- 13 ХҚЕС «Әділ құнның бағасы»

2013 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін күшіне енеді. Ретроспективті түрде қолданылады.

13 ХҚЕС ХҚЕС-на сәйкес әділ құнның бағалауына қатысты барлық нұсқауларды бір стандартта біріктіреді. Егер ұйымдар әділ құнды қолдануға міндетті болған жағдайда, 13 ХҚЕС-ы өзгерістер енгізбейді, әділ құнның қолданылуы талап етілген немесе рұқсат етілген жағдайда, ХҚЕС-на сәйкес әділ құнды бағалауға қатысты нұсқауларды ұсынады. Стандарт қолданылған өлшемдер туралы ақпаратты ұсынуды және бұл өлшемдерді бастапқы деректердің сипаттамасына негізделген әділ құн деңгейі бойынша жіктеуді талап етеді.

- 7 ХҚЕС «Ақпаратты ашып көрсету – қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу»

Түзету 2013 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін күшіне енеді. Ретроспективті түрде қолданылады.

Осы түзетулерге сәйкес, ұйымдар өзара есепке алуды жүзеге асыру құқығы мен тиісті келісімдер (мысалы, кепілдеме беру туралы келісім) туралы ақпаратты ашып көрсетуге міндетті. Осындай түзетулердің арқасында пайдаланушылар өзара есепке алу туралы келісімнің ұйымның қаржы жағдайына тигізетін әсерін бағалауға қатысты пайдалы ақпаратты иеленеді. Ақпаратты ашып көрсетудің жаңа талаптары «Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну» 32 ХҚЕС-на сәйкес өзара есепке алынатын танылған қаржы құралдарына қатысты қолданылады. Сондай-ақ ақпаратты ашып көрсету талаптары 32 ХҚЕС-на сәйкес өзара есепке алынуына қарамастан, өзара есепке алу туралы заң бойынша бекітілген бас келісім немесе ұқсас келісімнің мән-мағынасы болып табылатын танылған қаржы құралдарына қатысты қолданылады.

- 32 ХҚЕС «Қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу»

Түзету 2014 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін күшіне енеді. Ретроспективті түрде қолданылады.

Осы түзетулердің шегінде «қазіргі сәтте өзара есепке алуды жүзеге асыруға заң бойынша бекітілген құқықтарға ие болу» сөйлемінің мағынасы түсіндіріледі. Сонымен қатар, түзету шегінде бір жолғы емес барлық төлемдердің тетігі қолданылатын есеп айырысу жүйесіне қатысты (бірыңғай клирингілік орталықтың жүйесі сияқты) өзара есепке алу өлшемінің 32 ХҚЕС-да тиесілі қолданылуын көрсетеді.

Осы түзетулер Қоғам қызметінің қаржы жағдайы немесе қаржылық қызметінің нәтижесіне ешқандай

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

ықпалын тигізбейтіндігі күтілуде.

- **9 ХҚЕС «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау»** (жобаның бірінші кезеңінің нәтижесі бойынша редакциясында)

39 ХҚЕС-н ауыстыру мақсатында ХҚЕС Кеңесінің бірінші кезеңінің нәтижесі бойыншашығарылған 9 ХҚЕС-ы 39 ХҚЕС-да белгіленгендей қаржылық активтер мен міндеттемелердің жіктелуі мен бағалауына қатысты қолданылады.

Бастапқыда, стандарттың 2013 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін күшіне енетіні болжалған, бірақ 2011 жылғы желтоқсанда жарияланған ХҚЕС (IFRS) 9 «міндетті түрде 9 ХҚЕС-н қолдану және ақпаратты ашып көрсетудің ауыспалы талаптарына» енгізілген түзетулердің шығарылу нәтижесінде, стандарттың міндетті түрде қолданылу күні 2015 жылдың 1 қаңтарына ауыстырылды. Ретроспективті түрде (кейбір ерекшеліктерді қоспағанда) қолданылады.

Стандарт инвесторлар мен қаржылық есептіліктің басқа пайдаланушыларының ұсынуын дамыта отырып, қаржы құралдарының есепке алуының ең жеңіл тәсілдемемесімен сипатталады. Стандарт қаржылық активтердің жіктелуі мен бағалауын қарастырады. Стандартта 39 ХҚЕС-да қолданылған бірнеше ережелерден өзгеше, қаржылық активтердің әділ құны бойынша немесе амортизациялық құн негізінде өлшенуін анықтауға байланысты бір ғана тәсілдеме қолданылады. Тәсілдеме ұйым өз активтерін (атап айтқанда, оның бизнес-моделі) қандай тәсілмен басқаратынына, сондай ақ ақша қаражатын тудыратын ақша ағынына негізделеді. Сонымен қатар жаңа стандарт алдыңғы стандартта қолданылған бірнеше тәсілдерден тыс, құнсыздануды есепке алудың бір ғана тәсілін қолдануды түсіндіреді.

Кейінгі кезең сатысында ХҚЕС Кеңесі ақырында 39 ХҚЕС «Қаржы құралдары: тану мен бағалауды» толығымен ауыстыруды көздей отырып қаржылық активтердің хеджирлеуі мен құнсыздануын есепке алынуын қарастырады.

Барлық аталған жетістіктер, жаңа ХҚЕС және түзетулер 2013 жылғы 01 қаңтарда күшіне енеді. Қоға осы жетістіктердің қаржы жағдайына немесе қызметтерінің нәтижесіне тигізуі мүмкін нәтижелерін бағалауда.

Қоғамның 2012 жыл үшін дайындаған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеген немесе Қоғам қаржылық есептілігіне тигізетін әсерін бағалау сатысындағы 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шығарылған, бірақ күшіне енген басқа жаңа ХҚЕС, түзетулер және олардың түсіндірмелері:

- **1 ХҚЕС «Қаржылық есептілік: ақпаратты ұсыну»** - басқа жиынтық кіріс баптарын ұсыну»

Бұл түзету 2012 жылдың 1 шілдесінде немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендерге байланысты күшіне енеді. Ретроспективті түрде қолданылады.

- **19 ХҚЕС «Қызметкерлерге берілетін сыйақылар»** (жаңа басылымда)

Стандарттың жаңа басылымы 2013 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін күшіне енеді. Қызметкерлерге берілетін сыйақылардың құрамындағы активтердің ағымдағы құнының өзгертілуінен басқа жағдайларда, ретроспективті түрде қолданылады.

- **28 ХҚЕС «Қауымдастырылған компаниялармен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар»** (2011 ж. редакциясында)

Жаңа редакциядағы стандарт 2013 жылдың 1 қаңтарында басталатын жылдық есептік кезендерге байланысты күшіне енеді.

- **1 ХҚЕС «Мемлекетпен берілетін несиелер»**

Түзету 2013 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін күшіне енеді.

- **10 ХҚЕС «Шоғырландырылған қаржылық есептілік», 27 ХҚЕС «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»**

Стандарт 2013 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін күшіне енеді. Стандартта қарастырылған кейбір ерекшеліктерді ескере отырып, алдыңғы жылдар үшін салыстырмалы деректердің өзгеруімен бірге ретроспективті түрде қолданылады.

- **11 ХҚЕС «Бірлескен келісімдер»**

2013 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін күшіне енеді. Стандарт бірінші қолданылған күніне орын алған бірлескен қызмет туралы келісімдерге қатысты ретроспективті түрде қолданылады.

- **12 ХҚЕС «Басқа заңды тұлғалардың қатысуы туралы ақпаратты ашып көрсету»**

2013 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін күшіне енеді. Ретроспективті түрде қолданылады.

- **20 Интерпретация «Ашық кеніштегі олжа аршу жұмысының шығынын есепке алу»**

2013 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендер үшін күшіне енеді.

- **«ХҚЕС жетілдіру» (2012 ж. мамыр)**

Жетілдіру 2013 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезендерге байланысты қолданады.

- **1 ХҚЕС «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғашқы рет қолдану»**

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

Жетілдіру өткен кезеңде ХҚЕС-н қолдануды тоқтатқан және қайтадан есептілігін ХҚЕС-на сәйкес дайындауды ұйғарған немесе дайындауға міндетті ұйым 1 ХҚЕС-н қайта қолдануға құқылы екендігін талқылайды. Егер 1 ХҚЕС қайтадан қолданылмаса, ұйым ХҚЕС-н қолдануды ешқашан тоқтатпау мақсатында қаржылық есептілігін ретроспективті түрде қайта есепке алуы қажет.

- 1 ХҚЕС «Қаржылық есептілікті ұсыну»

Жетілдіру өз еркімен ұсынылатын қосымша салыстырмалы ақпарат пен ең аз шамада қажетті салыстырмалы ақпарат арасындағы айырмашылықты талқылайды. Ереже бойынша, ең кемінде қажетті салыстырмалы ақпарат алдыңғы есепті кезеңдегі ақпарат болып табылады.

- 16 ХҚЕС «Негізгі құрал жабдықтар»

Жетілдіру негізгі құрал жабдықтардың анықтауына сәуекес келетін негізгі қосалқы бөлшектер мен қосалқы жабдықтардың қор болып табылмайтындығын түсіндіреді.

- 32 ХҚЕС «Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну»

Жетілдіру акционерлердің мүддесіне төленуі тиіс пайдаға салынатын салықтың 12 «Пайдаға салынатын салық» ХҚЕС-на сәйкес есептелетінін түсіндіреді.

- 34 ХҚЕС «Аралық қаржылық есептілік»

Жетілдіру сегмент активінің жалпы сомасы туралы ақпараттың аралық қаржылық есептілікте ашылуына қатысты талаптардың ондағы сегмент міндеттемелері туралы ақпараттың ашылуына қатысты талаптарға сәйкес келуін жүзеге асырады. Осы талқылауға сәйкес ақпараттың аралық қаржылық есептілікте ашылуы сондай ақ ақпараттың жылдық қаржылық есептіліктегі ашылуына сәйкес келуі қажет.

Шетел валютасындағы операциялар

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция тану критерияларына сәйкес болған күні қолданылатын айырбастау бағамы бойынша есепке алынады.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер (валюта шотындағы ақша қаражаты, сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер) есеп беру күні қолданыста болған валюталық бағам бойынша қайта есептеледі. Бағамдағы айырмашылықтың барлығы жиынтық кіріс туралы есепке кіргізіледі.

АҚШ долларында көрсетілген Қоғамның монетарлық активтері есеп беру күніне келесі бағамдар бойынша қайта есептелген:

- 31.12.12 ж. жағдай бойынша 150.74 теңге бағаммен;

- 31.12.11 ж. жағдай бойынша 148.40 теңге бағаммен.

Шетел валютасында көрсетілген қаржылық есептілік баптарын қайта есептеу үшін, сондай-ақ валюталық операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету мақсатында Қоғам Қазақстан қор биржасының негізгі сессиясында қалыптасқан валюта айырбасының орташа есепті биржалық нарықтық бағамдарын пайдаланды.

Монетарлық баптарды өтеу және қайта есептеу нәтижесінде пайда болған бағамдағы айырмашылықтың барлығы кезеңдегі пайда мен шығында көрсетіледі.

Шетел валютасындағы тарихи құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқыда пайда болған күні қолданыста болған бағам бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасындағы әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құны анықталған күні қолданыста болған бағам бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық емес баптарды қайта есептеу барысында туындайтын барлық бағамдағы айырмашылықтар баптың әділ құнының өзгеру нәтижесінде кіріс пен шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есепке алынады.

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары өтеу мерзімі үш айдан аспайтын және құнының өзгеруінің қомақты тәуекелімен байланысты ақша қаражатының белгілі сомасына айырбастау үшін дайын Қоғамның жоғары өтімді инвестицияларын, сондай-ақ банктік овердрафтарды білдіреді. Банк овердрафтары қаржылық есептілікте бастапқыда үш айдан аспайтын мерзімге орналастырылған депозитті қамтиды.

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары ҚРҰБ Монетарлық операцияларды есепке алу басқармасында (МОЕБ) ағымдағы шоттағы, ҚРҰБ мен «Казкоммерцбанк» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ жинақ, депозиттік, инвестициялық және басқа шоттарындағы меншікті ақша қалдығын қамтиды.

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)**

Қаржылық активтер мен міндеттемелер

Қаржы құралдарының бастапқы танылуы

Қоғам қаржылық активтер мен міндеттемелерді құрал бойынша шарттық ережелердің бір бөлігі болған уақытта өзінің қаржылық жағдай туралы есебінде таниды. Қаржылық активтер мен міндеттемелер есептілікте мәміле орындалған күні танылады.

Қаржылық активтер мен міндеттемелер бастапқыда инвестицияланған жағдайда онымен тікелей байланысты мәміле бойынша жұмсалымдарға көбейтілген пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланбайтын әділ құны бойынша танылады.

Қоғам өзінің 39 ХҚЕС қолданылатын қаржылық активтерін келесідей жіктейді:

- кіріс немесе шығыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер;
- несиімен дебиторлық берешек;
- өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар;
- сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер.

Қоғам (IAS) 39 қолданылатын қаржылық міндеттемелерін төмендегідей жіктейді:

- кіріс немесе шығын арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- қарыз және кредиторлық берешек.

Әділ құны бойынша пайда мен шығында есептелетін қаржылық активтер мен міндеттемелер – ең алдымен қысқа мерзімді тербетулер мен делдалдардың маржасының нәтижесінде пайда табу мақсатында сатып алынған активтер. Қаржылық активтерді сатып алу себебіне қарамастан құрылымы қысқа мерзім аралығында пайда келтіруін мұқтаж ететін нақты растайтын портфельдің бір бөлігі болып табылса, оны осы Қоғамға жіктеу қажет. Туынды қаржылық активтер мен міндеттемелер арқашан пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалануы ретінде қарастырылады, бұл жағдайда олар тиімді хеджирлеу құралдары ретінде анықталуын қамтымайды.

Қоғамның қаржылық активтері ақша қаражатын, сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді, банктердің қатысушылардың міндетті күнтізбелік жарнама бойынша жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдеме беру жүйесінің дебиторлық берешегін қамтиды.

Несие мен дебиторлық берешек

Белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржылық активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін несие мен дебиторлық берешек құнсыздану бойынша резервтерді шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық алымдармен мәмілені аяқтауға жұмсалған шығыстарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация табыстар немесе шығындар туралы есепте қаржыландырудан түскен кірістердің құрамына жатқызылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар кезеңдегі табыс пен шығыстар құрамында танылады. Активтің танылуы тоқтатылған кезде туындайтын кіріс пен шығыс кезеңдегі кіріс пен шығында танылады.

Міндетті күнтізбелік жарналар бойынша дебиторлық берешекті Қоғам алғашында дербес жүргізілген тоқсандық есептік бағалар мөлшерінде мойындайды, Банктердің – алдыңғы тоқсан қатысушыларының тиісті жарналарының сомасы оны есептеу үшін негіз болып табылады.

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдендіру туралы» Қазақстан Республикасы заңының ережелеріне сәйкес банк – қатысушы төлейтін жарна мөлшері мен төлеу тәртібі депозиттерді міндетті кепілдендіретін ұйымның басқару органымен анықталады. 2006ж. 30 қазандағы №32 хаттама бойынша «Қазақстанның депозиттеріне кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Бірігу шартының (бұдан былай – Бірігу шарты) ережелеріне сәйкес Банк-қатысушы есептік тоқсаннан кейінгі келесі айдың он бесіне дейін міндетті күнтізбелік жарналарды Қорға төлеуге міндеттенеді.

Алынатын жарналардың мөлшері есеп тоқсанынан кейінгі келесі айдың бірінші күнгі жағдай бойынша Банктің-қатысушының барлық кепілдендірілген депозиттерінің жалпы сомасына міндетті күнтізбелік жарнаның мөлшерлемесін қолдану арқылы анықталады.

Банктер-қатысушылар есеп тоқсанынан кейінгі айдың бірінші күні алған мәліметтердің негізінде Қоғам есеп тоқсанынан кейінгі айдың ішінде алдыңғы тоқсан үшін алынатын жарналардың мөлшерін реттейді.

Қоғам тоқсан сайын Банктерге-қатысушыларға берілген біліктілік тобын, жарна мөлшерін анықтап, хабарлап отырады, ал Банктер дербес түрде міндетті күнтізбелік жарналарды дербес есептеп, аударып отырады, ал Қоғамға өз кезегінде Банктердің-қатысушылардың міндеттерінің шынайылығы мен уактылы орындау үшін бақылау функциясы артылған.

Дебиторлық берешек өтелсе немесе жойылса, қаржы жағдайы туралы есепте міндетті күнтізбелік жарналар бойынша дебиторлық берешекті мойындау тоқтатылады.

Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер

«Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер» санаты осы санатта белгіленген немесе қандай да бір басқа санатта жіктелмеген туынды емес қаржы құралдарын білдіреді.

Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді алғашқы мойындаудан кейін әділетті құны бойынша бағаланады, ал таратылмаған кірістер немесе шығындар құнсызданудан, оң және теріс бағам айырмашылықтарынан болған шығындарды есептемегенде активті мойындау тоқтағанға дейін басқа жиынтық кіріс ретінде мойындалады. Осы кезде ертеректе басқа жиынтық кірісте мойындалған жинақталған пайда немесе шығын кезең пайдасының немесе шығынының құрамында қайта жіктеледі. Алынған немесе инвестициялар бойынша төленген пайыздар пайыздық кірістерде/шығындарда кіріс немесе шығын ретінде қаржылық есептілікте көрсетіледі.

«Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер» санаты Қоғамда белгіленбеген уақыт кезеңі ішінде Қоғам ұстауға ниетті және өтімділік қажеттілігіне немесе пайыздық бағамдардың өзгеруіне, айырбас бағамдарына немесе акция бағаларына жауап ретінде сатылатын инвестициялық бағалы қағаздарды қамтиды.

Өтеуге дейін ұсталатын қаржылық активтер

Өтеуге дейін ұсталартын инвестициялар Қоғаммен берілген несие мен дебиторлық берешектен басқа, ұйым өтеу мерзіміне дейін ұстауға ниеттелген және ұстауға мүмкіндігі бар бекітілген немесе анықталатын төлемдері және өтеу мерзімі бекітілген қаржылық активтер болып табылады.

Қаржылық активтерді қайта бағалау резервтері

Есеп беру күніне әділ құны бойынша бағаланатын сатуға арналған қолда бар қаржылық активтері қайта бағалау нәтижесінде құрылады. Әділ құнның өзгеру элементтері активтердің танылуы тоқтағанға дейін немесе құнсыздануына дейін капитал шотында көрсетіледі. Осындай активтердің шығарылуы немесе құнсыздануы жағдайда, резерв жиынтық кіріс туралы есепте капитал шотынан қаржы кірістері мен шығыстарына ауыстырылады.

Сату және кері сату шарттары бойынша жасалатын мәмілелер, бағалы қағаз қарыздары

Контрагентке кредитордың кірістілігін іс жүзінде қамтамасыз ететін сату және кері сатып алу («Репо» шарттары) шарттары бойынша мәмілелер бағалы қағаздарды құнсыздануына қаражат тарту операциясы ретінде қарастырылады. Сату және кері сатып алу шарттары бойынша сатылған бағалы қағаздарды мойындау тоқтамайды. Сатып алатын тұлға келісім-шарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге қоюға құқылы болатын жағдайларды есептемегенде бағалы қағаздарды қаржы жағдайы туралы есептің басқа бабына қайта жіктеу жүргізілмейді. Мұндай жағдайларда олар «Репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек» ретінде жіктеледі. Тиісті міндеттемелер басқа банктердегі қаражат шоттары немесе басқа қарыз қаражаты бойынша көрініс табады.

Қоғамға кредитордың кірістілігін іс жүзінде қамтамасыз ететін міндетті кері сатылатын шарттар («кері Репо») бойынша мәмілелер арқылы ие болған бағалы қағаздар контрагентке байланысты дебиторлық берешек шоттары бойынша көрініс табады. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық кіріс ретінде мойындалады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен Репо шарты күшінде болатын бүкіл уақыт бойы есептеледі.

Белгіленген сыйақы үшін қарыз ретінде контрагенттерге берілген бағалы қағаздар қаржы жағдайы туралы есептің шығыс бабында қаржылық есептілікте көрсетіле береді, бұған контрагент келісім-шарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге салуға құқылы болатын жағдайлар жатпайды. Мұндай жағдайларда Қоғам жеке баланстық бапқа қайта жіктейді.

Белгілі бір сыйақыға қарыз түрінде алынған бағалы қағаздар үшінші тараптарға сатылған жағдайлардан басқа уақытта қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Мұндай жағдайларда осы бағалы қағаздарды сатып алудан және сатудан болған қаржы нәтижесі әділ құны бойынша кредиторлық берешек шоттардың құрамында көрсетіледі.

Әділ құн

Әділ құн – бұл активті айырбастауға болатын немесе ол арқылы белсенді нарықта өз еркімен әрекет ететін хабардар тұлға мен тәуелсіз тараптар арасында мәміле жасау барысында туындайтын міндеттемені реттеуге болатын соманы білдіреді. Әділ құн қаржылық есептілікке ағымдағы сұраныс сомасы мен белсенді нарықта бағасы белгіленетін қаржы құралдырының ағымдағы ұсыныс сомасын білдіреді. Өзара өтелетін тәуекелмен бірге активтер мен міндеттемелерге қатысты Қоғам может использовать среднерыночные цены для определения справедливой стоимости позиций с взаимно компенсирующими рисками и применять к чистой

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

открытой позиции соответствующую цену спроса или цену предложения. Қаржы құралдары биржада немесе басқа ұйымнан баға белгілеуін еркін және үнемі алуға болатын белсенді нарықтағы бағасы белгіленетін құрал болып табылады, бұл жағдайда мұндай баға белгілеу белсенді нарық шарттарына сәйкес жасалған нақты және үнемі жасалатын мәмілені білдіреді. Қаржы инвестицияларының әділ құны Қоғаммен айына бір рет, айдың ең соңғы жұмыс күніне Қазақстан Қор биржасындағы сауда-саттықтың жабылу күніне бекітілген және күнтізбелік күннің алдыңғы күніне немесе күнтізбелік айда осы активтерді сату күніне және сатудың алдыңғы күніне Bloomberg Finance L.P. деректемелеріне сәйкес қайта қаралады.

Осы бағалы қағаздардың шығарылу күні биржалық сайда саттықтың соңғы күнінен кейін болу салдарынан бесенді нарықта баға белгіленуі жоқ қаржы құралдарының әділ құны қайта бағаланбайды.

Нарықта бағасы белгіленбейтін инвестициялар бойынша әділ құн бағалаудың әр түрлі тәсілдерін қолдану арқылы анықталады. Осындай тәсілдер коммерциялық негізде жасалған соңғы мәмілелердің бағаларын; осыған ұқсас құралдардың ағымдағы нарықтық құнын қолдануды; дисконтталған ақша ағымдары мен опцион бағаларының тәсілін талдауды қамтиды.

Мәміле бойынша шығыстар

Мәміле бойынша шығыстар қаржы құралдарын сатып алуға, шығаруға немесе істен шығаруға байланысты қосыша шығыстар болып табылады. Қосыша шығыстар – бұл мәміле жасалмаса, пайда болмайтын шығыстарды білдіреді. Мәміле бойынша шығыстар агенттерге, делдалдарға (соның ішінде сауда агенттері ретінде қызмет атқаратын қызметкерлер) төленетін сыйақыны, реттеуші орган мен қор биржаларына төленетін жиынды, активті беру кезінде туындайтын салық пен жиынды қамтиды. Мәміле бойынша шығыстар қарыз міндеттемелері бойынша сыйақы немесе дисконттарды, қаржыландыру шығыстарын, ішкі әкімгершілік шығыстар немесе сақтауға жұмсалған шығыстарды қамтымайды.

Амортизацияланған құн

Амортизацияланған құн негізгі борыштың төлемін шегергенде, бірақ есептелген пайызды қосқанда активтің бастапқы құнын білдіреді, ал қаржылық активтер үшін – құнсызданудан келтірілген шығындардың есептен шығаруды шегергенде активтің бастапқы құнын білдіреді. Есептелген пайыздар бастапқыда танылған кезде кейінге қалдырылған мәміле бойынша амортизацияны, сонымен қатар тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолдану арқылы өтеу сомасынан алынған дисконтты немесе басқа сыйақыны қамтиды. Есептелген пайыздық кірістер және шығыстар, соның ішінде купон бойынша кіріс пен амортизацияланған шығыс немесе сыйақы (бастапқы танылуы кезінде кейінге қалдырылған комиссиялық) бөлек көрсетілмейді, олар активтер мен міндеттемелердің сәйкес баптарының баланстық құнына кіргізіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – әрбір кезеңде құралдардың баланстық құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету мақсатында сәйкес кезең аралығында пайыздық кірістер немесе пайыздық шығыстардың тану әдісі болып табылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралдарының болжалды пайдалы мерзімі аралығында немесе сәйкес жағдайларда, ең қысқа мерзім аралығында есептелген болашақтағы ақшалай төлемдері немесе түсімдерін қаржы құралдарының баланстық құнына дейін нақты дисконттайтын мөлшерлеме. Тиімді пайыздық мөлшерлеме пайыздың өзгеру күніне дейін құбылмалы мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылады, бұл жағдайда осы құралдарға қатысты көрсетілген құбылмалы мөлшерлемесі бойынша немесе нарықтық белгілерге қарамастан басқа ауыспалы факторлар бойынша несие спрэдін көрсететін сыйақылар мен дисконттар жатпайды. Осындай сыйақылар мен дисконттар құралдың ықтимал қолдану мерзімі аралығында амортизацияланады. Дисконтталған құнды есептеу барлық тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын шарттың тараптарна берілген немесе алынған барлық комиссиялық алымын қамтиды.

Амортизациялық құн бойынша есептелетін міндеттемелер

Қаржы жағдайы туралы есептілікте бастапқыда танылғаннан кейін Қоғам барлық міндеттемелерді амортизациялық құн бойынша есептеуі қажет, бұған пайда немесе шығын арқылы амортизациялық құн бойынша есептелетін міндеттемелер мен құнын нақты сеніммен бағалауға мүмкін емес туынды құралдар бойынша міндеттемелер, туынды құралдар бойынша нақты шығыстары бойынша көрсетілгендерден басқасы жатады. Хеджирлеу бабы ретінде анықталған қаржылық міндеттемелер 39 ХҚЕС сәзкес бағаланады.

Амортизациялық шығыс бойынша көрсетілген қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша пайда (шығын) пқаржылық активтер немесе міндеттемелердің танылуы тоқтатылған жағдайда немесе құнсызданғаны жағдайда, сондай ақ амортизацияланғаны кезінде кезеңдегі пайда немесе шығында танылады.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Қоғам қаржылық активтің құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды.

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)**

Қаржылық активі немесе қаржылық активтерінің тобы бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарына сенімді бағаланатындай әсер еткен активті алғашқы танудан кейін орын алған бір немесе бірнеше оқиға («шығын оқиғасы») нәтижесінде объективті құнсыздану белгілері болғанда ғана қаржылық актив немесе активтерінің тобы құнсызданған деп саналады. Эмитенттің (борышқордың) қомақты қаржы қиындықтарын басынан кешіруі, шарт талаптарын бұзуы, мысалы, пайызды немесе негізгі қарыз сомасын төлеуден бас тартуы немесе қашуы, банкрот болу ықтималдылығы немесе қарыз алушының қаржылық қайта ұйымдастырылуы, кредитор басқа қандай жағдай болмаса да жасамайтын, қарыз алушының қаржы қиындықтарымен байланысты экономикалық немесе заң себептері бойынша жеңілдікті талаптар беруі сияқты шығын оқиғалары туралы ақпарат актив иегеріне белгілі болған жағдайлар қаржы активінің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануының объективті белгілеріне жатады. Осындай растамаларға жекелеп алғанда мерзімі кешіктірілген берешек көлемдерінің немесе қарыздарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартып, белгілі бір өзара байланыстағы ұлттық немесе жергілікті экономикалық шарттардың өзгеруі сияқты қаржы құралы бойынша төмендеу бағасына ұшырағыш күтілетін болашақ ақша ағындарының болуын көрсететін бақыланатын деректер де жатады. Үлестік құралға инвестициялардың құнсыздануының объективті белгілері эмитент қызмет атқаратын техникалық, нарықтық, экономикалық немесе заңи ортада қолайсыз салдарлары бар елеулі өзгерістер туралы ақпаратты қамтиды және үлестік құралдағы инвестициялар құны өтелмеуі мүмкін деп көрсетеді.

Амортизациялық құны бойынша есептелетін қаржылық активтер үшін Қоғам алдымен жеке мәні бар қаржылық активтеріне қолданылатын жеке негізде және дербес мәні жоқ қаржылық активтеріне қолданылатын жеке немесе жиынтықты негізде объективті құнсыздану белгілерінің болуын анықтайды. Қоғам дербес мәні бар және дербес мәні жоқ ретінде жеке бағаланатын қаржы активіне қолданылатын объективті құнсыздану белгілерінің болмауына мән берсе, ол несие тәуекелінің ұқсас сипаттамалары бар қаржылық активтердің тобына осындай активті қосады және жиынтық негізде құнсыздану мәнін бағалайды. Мойындалған немесе бұрынғысынша құнсызданудан болған шығын мойындалатын, құнсыздану мәніне жеке бағаланатын активтер жиынтықты құнсыздану бағасына жатқызылмайды.

Несиенің құнсыздануынан, дебиторлық берешектен болатын немесе амортизациялық құны бойынша есептелетін инвестицияларды өтегенге дейін ұсталынатын шығынның объективті белгілері болғанда шығынның көлемі осы қаржы активі үшін шығыс тиімді пайыз мөлшерлемесі бойынша есептелген болжамды болашақ ақша қаражаты ағындарының (әлі көтермеген болашақтағы несие шығындарын есептемегенде) дисконтталған құны мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Активтің баланстық құны тікелей немесе бағалау резервінің шоты арқылы азайтылады.

Кейінгі кезеңде активтердің құнсыздануынан болған шығын көлемі азайып, осы азаю құнсыздану мойындалғаннан кейін (мысалы, дебитордың несие рейтингінің арты) орын алған оқиғамен объективті байланыстырылса, ертеректе мойындалған құнсызданудан болған шығын бағалау резервінің шотын түзету арқылы реверсияланады. Қаржы активінің құнын алдыңғы есептен шығару кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы кезеңдегі пайда мен шығындардағы инвестициялық шығындардың құрамында мойындалады.

Сатуға арналған қаржылық активтері үшін, Қоғам әр есеп кезеңінің соңында инвестициялар немесе инвестициялар тобы құнсыздануға ұшырағандығын объективті растамаларының болуын бағалайды.

Сатуға арналған қолда бар ретінде жіктелген үлестік құралдардағы инвестициялар болған жағдайда объективті куәліктер алғашқы құнның деңгейінен төмен инвестициялардың әділетті құнының қомақты немесе ұзаққа созылған төмендеуін қамтиды. «Қомақтылықты» инвестициялардың алғашқы құнымен салыстыра, ал «ұзаққа созылғандықты» әділетті құны алғашқы құннан аз болатын кезеңмен салыстыра бағалау керек. Осы инвестициялар бойынша құнсызданудан болған, ертеректе мойындалған пайда мен шығындар шегерілген иелену құны мен ағымдағы әділетті құн арасындағы айырмашылық ретінде бағаланатын жиынтықты шығын сомасы құнсыздануының объективті дәлелдері болғанда басқа жиынтықты баланстан шығарылады және қаржы активінің баланстан шығарылғандығына қарамастан, кезеңдегі пайда мен шығындарда мойындалады. Үлестік құралдардағы инвестициялар бойынша құнсызданудан болған шығындар кезеңдегі пайда мен шығындар арқылы қалпына келтірілмейді, құнсызданудан кейін әділетті құнын ұлғайту тікелей басқа жиынтық кіріс құрамында мойындалады.

Сатуға арналған қолда бар ретінде жіктелген қарыздық құралдар жағдайында құнсыздану амортизациялық құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдарына қатысты қолданылатын санаттардың негізінде бағаланады. Әйтсе де, құнсызданудан көрсетілген шығын сомасы ертеректе пайда мен шығындарда мойындалған осы инвестициялар бойынша құнсызданудан болған шығын шегеріліп, амортизациялық құны мен ағымдағы әділетті құны арасындағы айырмашылық ретінде бағаланған жинақталған шығынды білдіреді. Келесі жылдың ішінде қарыздық құралдың әділетті құны артып кетсе, осы өсу пайда мен шығындардағы құнсызданудан болған шығын мойындалғаннан кейін болған оқиғамен объективті байланыстыруға болады, құнсызданудан болған шығын кезеңдегі пайда мен шығын арқылы қалпына келтіріледі.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

Қаржылық активтер мен міндеттемелердің танылуын тоқтату

Қаржылық актив (немесе қолданылған жерде – қаржылық активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтері тобының бір бөлігі) төмендегі жағдайларда қаржылық жағдай туралы есептілікте есепке алынуын тоқтатады. Егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқықтарының күшінде болу мерзімі аяқталған болса;
- Қоғам активтен ақша ағындарын алуға өз құқықтарын берсе немесе «транзиттік» келісім бойынша толық көлемде және кешіктірмей алынатын ақша ағындарын үшінші тарапқа төлеу міндеттемесін өзіне қабылдаса немесе
- (а) Қоғам активтен түсетін пайдасы мен барлық тәуекелдерін берсе немесе
- (б) Қоғам барлық тәуекелдер мен активтен түскен пайданы тапсырмаса, бірақ өзінде сақтамаса, бірақ осы активті бақылауды тапсырса.

Қоғам активтен ақша ағындарын алуға барлық құқықтарын берсе немесе транзиттік келісім жасаса, бұл орайда барлық тәуекелдері мен активтен пайдасын бермесе, бірақ өзінде де сақтамаса, сондай-ақ активті бақылауға бермесе, жаңа актив Қоғам берілген активке қатысуын жалғастыратын дәрежеде мойындалады. Мұндай жағдайда Қоғам тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Қоғам сақтаған құқықтар мен міндеттемелер көрініс табатын негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғастыра қатысу келесі көлемдердің қайсысының ең аз болуына қарай мойындалады: активтің алғашқы баланстық құны немесе Қоғам төлеуді талап етуі мүмкін ең көп сома.

Қаржы міндеттемесін мойындауды тоқтату

Міндеттеме өтелсе, жойылса немесе күшінде болу мерзімі аяқталса, қаржы міндеттемесін мойындау тоқтатылады.

Қазіргі қаржы міндеттемесінің көптігімен ерекшеленетін талаптарда тура сол кредитордың алдындағы басқа міндеттеменен ауыстырылса немесе бар міндеттемелердің талаптары көп өзгертілсе, осындай ауыстыру немесе өзгерту алғашқы міндеттемені мойындауды тоқтату және жаңа міндеттемені мойындауды бастауды білдіреді, ал баланстық құндарының айырмашылығы кезеңдегі пайда мен шығындарда мойындалады.

Қаржы құралдарын есепке алу

Қаржылық активтер мен, міндеттемелерді есепке алу іске асырылады Зачет финансовых активов и обязательств производится и чистая сумма отражается в финансовой отчетности Общества только при наличии юридически закрепленных прав на зачет признанных сумм и при наличии намерения произвести зачет или реализовать актив и погасить обязательство одновременно.

Негізгі құрал-жабдықтар

Негізгі құрал-жабдықтар алыну барысында негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға іс жүзінде жұмсалған қажетті барлық шығындарды қамтитын өзіндік құны бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Кейіннен негізгі құрал-жабдықтар жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегергенде, өзіндік құны бойынша есепке алынады.

Пайдалануға жаңадан енгізілген негізгі құрал-жабдықтарға амортизация есептеу негізгі құрал-жабдықтар пайдалануға енгізілген кезден бастап жүргізіледі, ал шығарылған негізгі құралдар бойынша – осы активті мойындау тоқтаған күннен бастап немесе Халықаралық стандартқа ХҚЕС (IFRS) 5 сәйкес сатуға арналған ретінде жіктелген (немесе сатуға арналған ретінде жіктелген шығу тобына енгізілген) күннен бастап тоқтайды.

Негізгі құрал-жабдықтарды пайдалы қолданудың орташа бағаланған мерзімі 3 жылдан 10 жылға дейін деп анықталған.

Негізгі құрал-жабдықтарды жою құны негізгі құрал-жабдықтар нысанының техникалық жағдайы пайдалы қолдану кезеңінің соңында күтілгендей тиісті болады деген болжамға қарай тарату шығындары шегеріліп, сату нәтижесінде Қоғам ала алатындай соманың бағалау мәнін білдіреді.

Жою құны, пайдалы қолдану мерзімі мен амортизация әдістері қайта қарастырылады және қажет болғанда әр қаржы жылының соңында түзетіліп отырады.

Негізгі құрал-жабдықтардың келесі шығындары активтің баланстық құнына енгізіледі немесе Қоғам алатын осы активпен байланысты болашақ экономикалық тиімділіктер мен осы активтің құны сенімді бағаланатын ықтималдылық болғанда жеке актив ретінде мойындалады. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық басқа шығындар көтерген қаржы кезеңі ішінде пайда мен шығындарда көрсетіледі.

Негізгі құрал-жабдықтарды есептен шығару болашақта осы активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық пайда алу күтілмейтін жағдайда немесе шығарылғанда іске асырылады. Активті есептен шығару нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын (шығудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құны

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) актив есептен шығарылған есеп кезеңі ішіндегі жиынтықты кіріс туралы есептің пайдасы мен шығынына енгізіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер қаржылық есептілікте мойындалғанда алғашқы құны бойынша бағаланады. Материалдық емес активтерді мойындағаннан кейін жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған шығын шегеріліп, алғашқы құны бойынша есепке алынады. Өнімдерді әзірлеуге кеткен жинақталған шығындарды есепке алмағанда компанияның ішінде жүргізілген материалдық емес активтер жиналмайды, тиісті шығын туындаған есеп жылы ішінде пайда мен шығындар туралы есепте көрініс табады.

Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және осы материалдық активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану тұрғысынан бағаланады.

Амортизация 3 жылды құрайтын нысандардың бағаланған пайдалы қызмет мерзімі ішінде құнын есептен шығару бір қалыпты (тік желілік) әдістің негізінде есептеледі.

Операциялық жал

Қоғам жалға алушы ретінде

Жалға беруші жал нысанына меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы өзінде сақтайтын активтер жалы операциялық жал ретінде жіктеледі. Операциялық жал шарты бойынша төлемдер жал мерзімі ішіндегі шығындарға есептен шығарылып, қызметтік мәніне сәйкес жиынтықты кіріс туралы есепте шығындар құрамында есепке алынады.

Салықтар

Ағымдағы салық

Алдыңғы және ағымдағы кезеңдер үшін салық активтері мен ағымдағы салық бойынша міндеттемелер салық органдарынан немесе салық органдарына өтелуі болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы – есеп күні қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық есеп күні салық салынатын активтер мен міндеттемелер базасы мен қаржы есептілігі мақсаттарындағы баланстық құны арасындағы барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша есеп күні мойындалады. кейінге қалдырылған салық міндеттемесі барлық салық салынатын уақыт айырмашылықтары бойынша мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмашылығы шолу жасалынатын болашақта қалпына келтірілу және шегерілген уақыт айырмашылықтары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері есепке алынатын салық салынатын пайданың алыну ықтималдылығы бар дәрежеде мойындалады.

Кейінге қалдырылған активтің есептік саясаты әр есеп күніне қайта қарастырылып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығы немесе бір бөлігі аз болғанда пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайда болса, төмендетіледі. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әр есеп күніне қайта қарастырылады және салық салынатын пайданы кейінге қалдырылған салық активтеріне мүмкіндік беру ықтималдылығы пайда болған дәрежеде мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері актив таратылған есеп кезеңінде қолданылады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады, ал міндеттеме күшіне немесе нақты күшіне енгізілген есеп күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде өтелген.

Салық пайдадан немесе шығыннан тыс келесідей мойындалған баптарға жататын болса, ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар пайдадан немесе шығыннан тыс мойындалуы керек:

- а) басқа жиынтықты кірісте басқа жиынтық кірісте мойындалуы керек;
- б) тікелей меншікті капиталда меншікті капиталда тікелей мойындалуға тиіс.

Ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алу заңды бекітілген құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар салық төлеуші бір ғана компания мен бір ғана салық органына қатысты болса, кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер бір-біріне қарсы есептеледі.

Жалақы бойынша шығыстар, әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдар

Жалақы төлеуге жұмсалған шығыстар, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, төленетін жылдық демалыс күндері мен сырқаттық, сыйлықақылар Қоғам қызметкерлерімен атқарылатын тиісті қызметтер орын алған жыл үшін есептеледі.

Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардың жалпы мөлшері Қоғам қызметкерлерінің салық салынатын кірістерінен 11 % қамтиды.

Зейнетақы қамтамасыздандыру бойынша міндеттемелер

Қоғам өз қызметкерлерінің жалақысынан зейнетақы қорына зейнетақы қамтамасыздандыру ретінде 10% ұстап қалады. Заңнамаға сәйкес, міндетті зейнетақы жарнамалары қызметкерлердің міндеттемелері болып табылады, және Қоғамның қызметкерлерінің зейнетке шыққаннан кейін ешқандай ағымдағы немесе болашақтағы төлемдер бойынша міндеттемелері жоқ.

Резервтік капитал

Заңнама талаптарына және Қоғамның құрылтай құжаттарына сәйкес құрылады. Қоғам алдын ала білуге болмайтын тәуекелдер мен болашақ шығындардың орнын толтыру үшін есептік кезең нәтижелері бойынша алынған таза кірістің бөлігін аудару есебінен резервтік капитал құрады. Резервтік капитал бөлінбейді.

Арнайы өтеу резерві

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдендіру туралы» Қазақстан Республикасы заңының ережелеріне сәйкес кепілдікті өтемді төлеумен байланысты қызмет атқару үшін Қоғам банктер – қатысушылардың жарналарының, бірігу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін банктер – қатысушыларға қолданылған тұрақсыздық айыбынан, кепілдікті өтеу сомалары жөніндегі Қоғам талаптарын еркінен тыс таратылатын банктің – қатысушының қанағаттандыру тәртібінде алған ақшасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешіміне сәйкес пайданы бөлудің есебінен арнайы резерв құрады. Банк – қатысушы еркінен тыс таратылған жағдайда депозитордың кепілдікті өтемді төлеуі мақсатында Қоғам арнайы өтеу резервін қалыптастырады.

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы» Қазақстан Республикасы заңының ережелеріне сәйкес депозиттерді міндетті кепілдендіретін ұйымның арнайы резервінің мақсатты мөлшері банктердегі-қатысушылардағы барлық кепілдендірілген депозиттер сомасының кем дегенде бес пайызын құрайды.

Кірістер мен шығындарды мойындау

Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығындар

Амортизациялық құны және сатуға арналған қолда бар қаржылық активтері ретінде жіктелетін пайыздық қаржы құралдары бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер немесе шығындар тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша көрініс табады, ол бойынша дисконттағанда күтілетін болашақ ақша төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе қысқа уақыт кезеңі ішінде қолдануға болатын жерде қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Есептегенде қаржы құралы бойынша барлық шарт талаптары (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы), комиссиялық немесе тиімді пайыз мөлшерлемесінің бөлінбес бөлігі болып табылатын құралмен тікелей байланысты қосымша шығындар есепке алынады, бірақ несиелер бойынша болашақ шығындар есепке алынбайды. Қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің баланстық құны Қоғам төлемдердің немесе түсімдердің бағасын қайта қарастырғанда түзетіледі. Түзетілген баланстық құн алғашқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есепке алынады, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық кірістер немесе шығындар ретінде көрсетіледі.

Қаржылық есептілікте көрініс тапқан қаржы активінің немесе ұқсас қаржылық активтерінің тобының құны құнсыздану салдарынан төмендеп кеткен жағдайда пайыздық кірістер жаңа баланстық құнның негізінде алғашқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша мойындалуын жалғастырады.

Банктер – қатысушылардың жарналары мен тарату комиссиясының түсімдерінен болған таза кірістер

Бірігу шартының ережелеріне сәйкес Банк – қатысушы төлеген жарналар Ережелермен және Шартпен анықталған жағдайларда артық төленген сомаларды есепке алмағанда қайтарылмайды.

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап Қоғам банктер – қатысушылар тәуекелдің бағаланған дәрежесі мен қаржы тұрақтылығына байланысты санаттарға жіктеліп, оларға рейтингтер берілетін әртараптандырылған мөлшерлемелер жүйесін енгізді. Банктер ең аз рейтингпен үлкен мөлшердегі жарналарды аударады, себебі оларға әлдеқайда жоғары тәуекел деңгейі тән. Банк тәуекелдің төмен деңгейімен жарналарды азайтылған мөлшерге аударады. Қаржы көрсеткіштерін талдау, тәуекелді бағалау және рейтингтерді беру үшін Қоғам «БАТА» әртараптандырылған мөлшерлемелер жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуін қолданады.

Қоғам «БАТА» банктер – қатысушылардың міндетті күнтізбелік жарналарының мөлшеріне қатысты әділетті ережелерді орнату үшін ғана емес, банктердің банкрот болу жағдайларының туындауын ескерту

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

мақсатында да әзірлеген. Заңнамамен белгіленген талаптарға сәйкес банктер – қатысушылардың міндетті күнтізбелік жарналары тоқсан сайын төленіп тұрады.

Қоғам дербес жүргізген тоқсандық есеп бағаларының мөлшерінде алғашында міндетті күнтізбелік жарналар бойынша кірістерді мойындайды, Банктер – қатысушылардың алдыңғы тоқсан ішіндегі тиісті жарналарының сомасы оларды есептеу үшін негіз болып табылады.

Банктер – қатысушылардан алынған мәліметтердің негізінде есеп тоқсанынан кейінгі келесі айдың бірінші күні Қоғам есеп тоқсанынан кейінгі келесі айдың ішінде алдыңғы тоқсан үшін міндетті күнтізбелік жарналар бойынша кірісті реттейді.

Банктер – қатысушылардың жарналарынан және тарату комиссиясының түсімдерінен болған таза кірістер таратылған банктердің депозиторларына кепілдікті өтеу төлемі бойынша Қоғам көтерген шығындар шегерілген, жоғарыда аталған кірістерді білдіреді.

Операциялық шығындар

Шығындар ақша қаражатының немесе баламасының төленген-төленбегендігіне қарамастан, тиісті туарларды немесе қызметтерді нақты алу кезінде есепке алынады және олар жататын кезеңдегі қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар

Қаржылық есептілік құрылған күні Қоғамтың жағдайы туралы қосымша ақпаратты ұсынатын жыл аяқталғаннан кейін болған оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есеп беру жылы аяқталғаннан кейін басталған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар егер маңызды болмаса, шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымшаларда ашылып көрсетіледі.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

4. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары

	2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
Бастапқыда өтеу мерзімі үш айдан аспайтын депозиттер	959,026	6,180,171
Ағымдағы банк шотындағы қолма-қол ақша	2,582,631	3,264,373
Корпоративтік карточкалық шоттардағы қолма-қол ақша	964	364
Инвестициялық банк шотындағы қолма-қол ақша	13,805	32,199
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	3,556,426	9,477,107

5. Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер

Сатуға арналған қолда бар деп есептелетін Қоғамның қаржылық активтері жинақталған купондық сыйақыны есепке ала отырып, амортизацияланатын сыйақылар мен дисконттар шегергенде, әділ құны бойынша қаржылық есептілікте көрсетілген.

Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздардың әділет құны «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сауда тізімдеріндегі және Bloomberg Finance L.P. деректері бойынша бағалы қағаздарға қатысты активті нарықтың шарттары бойынша есеп күні қалыптасқан орташа алынған бағамы белгіленген бағалар негізінде анықталды.

	2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	200,795,369	165,233,665
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары	18,488,789	16,174,911
Қазақстандық эмитенттердің («Ипотечная организация «Казахстанская ипотечная компания» АҚ) корпоративтік облигациялары	1,218,910	1,587,606
АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздары	55,004,543	48,637,495
Жиыны	275,507,611	231,633,677

Төменде несие сапасы бойынша қарыздық бағалы қағаздардың түрлері бойынша бөлініп, талдануы келтірілген.

	Купондық % мөлшерлеме, жылына	Орташа тиімді % мөлшерлеме, жылына	2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
МЕОКАМ (ҚР Қаржы министрлігі)	4.44%	4.17%	71,041,159	64,821,176
МЕККАМ (ҚР Қаржы министрлігі)	-	2.03%	7,935,698	12,482,789
МЕУКАМ (ҚР Қаржы министрлігі)	5.78%	5.65%	121,818,511	87,929,700
ҚРҰБ ноталары	-	1.81%	18,488,788	16,174,911
КИК («Ипотечная организация «Казахстанская ипотечная компания» АҚ)	4.61%	2.51%	1,218,910	1,587,606
АҚШ үкіметінің бағалы қағаздары	-	0.16%	55,004,545	48,637,495
Жиыны			275,507,611	231,633,677

Сатуға арналған қолда бар, мерзімі өтпеген және құнсызданбаған бағалы қағаздар. Қоғамдағы бар бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының мемлекеттік институттарымен (ҚРҰБ, Қаржы министрлігі) және АҚШ өкіметімен шығарылады, мемлекеттік кепілдіктері бар. Пайыздарды немесе бағалы қағаздарды төлегенде, өтегенде кешіктіру болған емес. Сатуға арналған қолда бар барлық бағалы қағаздар тәуекелі төмен, мерзімі өтпеген, құнсызданбаған қаржылық активтері болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік институттарының несие рейтингі Қазақстан Республикасының рейтингіне теңестіріледі (20-ескерту). Корпоративтік облигациялар «Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания» АҚ инвестицияларымен танытылған, «Fitch Rating» агенттігінің бағалары бойынша «BB+/тұрақты» рейтингіне ие. Сатуға арналған қолда бар барлық бағалы қағаздар Қоғамның қаржылық активтерінің несие сапасының ішкі мониторингі үшін басшылықпен қолданылатын стандартты қаржылық активтері ретінде жіктеледі.

Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардың портфель өзгерістері туралы ақпарат төменде келтірілген:

2012 жылы:

	МЕОКАМ	МЕККАМ	МЕУКАМ	КИК	ҚРҰБ ноталары	АҚШ Үкіметінің БҚ	ЖИНЫ
2011 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	64,821,176	12,482,789	87,929,700	1,587,606	16,174,911	48,637,495	231,633,677

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР (МЫҢ ТЕҢГЕ)

Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздарды сатып алу	30,809,343	7,807,149	39,942,936	-	33,715,608	54,832,168	167,107,204
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздарды сату	(22,585,202)	(12,567,089)	-	(417,660)	(31,681,538)	(49,280,478)	(116,531,967)
Есептелген пайыздық кірістер	2,659,919	224,995	5,914,444	126,119	314,037	55,491	9,295,005
Есептелген пайыздық шығындар	(7,452)	-	(12,480)	-	-	-	(19,932)
Алынған пайыздар	(2,936,372)	-	(4,844,044)	(130,712)	-	-	(7,911,128)
Әділ құны бойынша қайта бағалаудан келтірілген шығыстарды шегергендегі кірістер	(1,720,253)	(12,146)	(7,112,045)	53,557	(34,230)	7,997	(8,817,120)
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар бойынша бағам айырмашылықтары	-	-	-	-	-	751,872	751,872
2012 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	71,041,159	7,935,698	121,818,511	1,218,910	18,488,788	55,004,545	275,507,611

2011 жылы:

	МЕОКАМ	МЕККАМ	МЕУКАМ	КНК	ҚРҰБ ноталары	АҚШ Үкіметінің БҚ	ЖИЫНЫ
2010 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	67,499,288	8,003,418	53,462,172	1,414,395	12,735,442	39,349,711	182,464,426
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздарды сатып алу	20,166,052	12,366,121	31,734,963	-	59,666,837	69,335,462	193,269,435
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздарды сату	(20,386,233)	(8,067,354)	-	-	(56,489,657)	(60,333,480)	(145,276,724)
Есептелген пайыздық кірістер	3,766,731	184,288	3,902,671	154,504	256,978	90,600	8,355,772
Есептелген пайыздық шығындар	(49,655)	-	(6,045)	-	-	-	(55,700)
Алынған пайыздар	(4,141,547)	-	(3,289,678)	(145,413)	-	-	(7,576,638)
Әділ құны бойынша қайта бағалаудан келтірілген шығыстарды шегергендегі кірістер	(2,033,460)	(3,684)	2,125,617	164,120	5,311	1,443	259,347
